

"Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында медициналық куәландыру және қарап-тексеру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 5 маусымдағы № 324 бұйрығына және "Азаматтық авиацияда жолаушыларға медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 6 маусымдағы № 329 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 23 шілдедегі № 538 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 26 шілдеде № 19097 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрық 01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында медициналық куәландыру және қарап-тексеру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 5 маусымдағы № 324 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15325 болып тіркелген, 2017 жылғы 21 шілдеде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында медициналық куәландыру және қарап-тексеру қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Қағидалар Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның және азаматтық авиация ұйымдарының лауазымды тұлғаларына, медициналық куәландыру мен қарауға қатысатын медициналық жұмыскерлерге, авиациялық персоналға, сондай-ақ медициналық қарап-тексерілуге жататын адамдар санатына қолданылады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану, азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын орнықты дамытуды, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғам;

3) авиация дәрігері - ұшу қауіпсіздігіне тікелей қатысы бар тұлғалардың кәсіби, сондай-ақ жүгінгенде авиапассажирлердің денсаулығын қамтамасыз ететін жоғары медициналық білімі және авиациялық медицина саласында даярлығы бар медицина маманы;

4) авиациялық медицина орталығы (АМО) – азаматтық авиация саласында медициналық куәландыруды жүзеге асыратын заңды тұлға;

5) авиациялық медицина сарапшысы (АМС) – медициналық куәландыру жүргізу арқылы ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиациялық медицина сарапшысының сертификатына ие жеке тұлға;

6) авиация персоналы - арнайы және (немесе) кәсіптік даярлығы бар әуе кемелерінде ұшуды орындау және қамтамасыз ету, әуе тасымалы мен авиация жұмыстарын, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету, әуе қозғалысын ұйымдастыру және оған қызмет көрсету, әуе қозғалысын басқару қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғалар;

7) жеңіл және аса жеңіл авиация (бұдан әрі – ЖАЖА) – сертификатталған ең жоғары ұшып көтерілу массасы бес мың жеті жүз килограмнан кем болатын әуе кемелерін, оның ішінде сертификатталған ең жоғары ұшып көтерілу массасы үш мың бір жүз сексен килограмнан кем болатын тікұшақтарды пайдаланатын азаматтық авиация жеңіл авиация, сондай-ақ сертификатталған ең жоғары ұшып көтерілу массасы жеті жүз елу килограмнан кем болатын әуе кемелерін, басқа да ұшу аппараттары мен қосымша құрылғыларды пайдаланатын азаматтық авиация; 8) кеңейтілген медициналық куәландыру – жалпы есепті, офтальмолог, ЛОР есептерін және басқа мамандардың ұсыныстарын ресімдей отырып, сарапшы жүргізетін медициналық куәландыру;

9) консультант-дәрігер – жеке тұлғаның/өтініш берушінің денсаулығын бағалау бойынша өз мамандығы бойынша медициналық ұйғарымдарды шығаратын авиация дәрігері;

10) медициналық куәландыру – кәсіби жарамдылығын анықтау және/немесе онда аурулардың бар, жоқ болу дерегін растау, денсаулық жағдайын, сондай-ақ азаматтық авиация саласында уақытша еңбекке жарамсыздығын анықтау мақсатында жеке тұлғаны немесе өтініш берушіні тексеру;

11) медициналық сертификат – өтініш берушінің денсаулық жағдайы бойынша жарамдылығына қойылатын талаптарға өтініш берушінің сәйкестігін растайтын және кәсіби қызметке рұқсатты қамтамасыз ететін медициналық куәландырудың оң нәтижелері бойынша берілетін белгіленген үлгідегі құжат;

12) медициналық сертификаттың иегері – медициналық сертификаттың қолданыстағы мерзіміне ие тұлға;

13) медициналық тексеріп-қарау – авиациялық персоналдың ұшуалды (ауысымалды) ауруының болуын немесе болмауын анықтау немесе растау, денсаулық жағдайын,

сондай-ақ уақытша еңбекке қабілетсіздігін, жұмысқа шығатын ауысымындағы (ұшуға) кәсіптік жарамдылығын айқындау;

14) өтініш беруші – медициналық сертификатты алуға немесе мерзімін ұзартуға өтініш берген тұлға.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Қол қойылған өтініште белгілі және ұшуды орындауға қауіп төндіретін ауруды жасыруды көздейтін күмәнді деректер анықталған жағдайда, сарапшы өтініш берушінің көзінше өтініштің түпнұсқасын ілеспе хатпен бірге уәкілетті ұйымға материалдарды беру үшін уәкілетті органға әкімшілік шаралар қабылдау үшін жібереді."

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Сарапшы медициналық құжаттамаға медициналық тексеру деректерін, диагнозды, бейінді мамандар консультант-дәрігерлердің ұсыныстарын жазады және осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық тексеру туралы есепті (бұдан әрі - Есеп) толтырады. Медициналық тексеру деректерінің дұрыстығы сарапшының қолымен және жеке мөрімен расталады.

Сарапшылардың есептері 10 жыл бойы сақталады.

Диагноздардың коды МКБ-10 сәйкес жүргізіледі. Есепті ресімдеу кезінде түзетулерді жасауға тыйым салынады.

Есептің түпнұсқасы сарапшының мұрағатында сақталады, есептің көшірмесі (сарапшының мөрімен бекітілген) өтініш берушіге беріледі. Есептің электрондық көшірмесі сертификат беру күнінен бастап 3 жұмыс күні ішінде уәкілетті ұйымға бағалау жүргізуге беріледі. Медициналық сертификат есеп ресімделген және медициналық қорытынды шығарылған күні өтініш берушіге беріледі.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым 10 жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың талаптарына сәйкестікке медициналық куәландыру есебіне бағалау жүргізеді.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Өтініш берушіде Талаптарға сәйкес жұмысты (оқуды) жалғастыруға кедергі келтіретін ауру анықталған жағдайда, сарапшы жарамсыздығы туралы медициналық қорытынды шығарады.

Сарапшының қорытындысымен келіспеген жағдайда, өтініш беруші 5 жұмыс күні ішінде уәкілетті ұйымға жүгінеді. Уәкілетті ұйым шешімімен келіспеушілік сот тәртібінде шағымдалады.";

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Сарапшы, ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін ақпаратты алған жағдайда оны алғаннан кейін бір тәулік ішінде уәкілетті ұйымды және азаматтық авиация ұйымының әкімшілігіне (болған жағдайда) хабардар етеді.";

54-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"54. Жұмыс орындарында психобелсенді заттарды қолданумен байланысты қауіпті болдырмау нұсқауымен (Doc 9654 AN/945 ИКАО) ұшуды медициналық қамтамасыз ету шаралары кешенін енгізген азаматтық авиация ұйымдарында медициналық қарап-тексеру жүргізілмейді. Ұшуды медициналық қамтамасыз ету шараларының кешені азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйыммен келісіледі.

Бұл ретте, медициналық сертификат иесі осы Қағидалардың 58-тармағымен көзделген жағдайлар бар болса/айқындалса, жұмысты орындаудан бас тартады.";

86-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"86. Уәкілетті ұйым:

1) медициналық куәландыру жүргізуге бақылау жүргізеді және авиамедициналық сарапшылардың есептеріне медициналық куәландыру нәтижелері бойынша бағалау жүргізеді;

2) медициналық куәландыру талаптарын сақтамаған жағдайда медициналық сертификаттың қолданысын тоқтатады және қайтарып алады;

3) сарапшылардың шешімдеріне шағымдарды қарастырады;

4) сарапшыларды тағайындайды;

5) авиациялық медицина бойынша оқу бағдарламаларын келіседі;

6) нұсқаушылық материалдарды әзірлейді және бекітеді.";

1, 2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

8-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

11 және 12-қосымшалар осы бұйрыққа 5 және 6-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Азаматтық авиацияда жолаушыларға медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 6 маусымдағы № 329 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15323 болып тіркелген, 2017 жылғы 20 шілдеде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Азаматтық авиацияда жолаушыларға медициналық көмек көрсету қағидаларында:

6-тармақтың 21) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"21) дәрігерге дейінгі медициналық көмек – аурулардың профилактикасы мақсатында, сондай-ақ диагностика, емдеу мен медициналық оңалту әдістерін дәрігердің қатысуымен пайдалануды талап етпейтін аурулар кезінде орта медициналық білімі бар медицина қызметкерлері көрсететін медициналық көмек.

Шұғыл жағдайларда дәрігерге дейінгі медициналық көмекті медициналық білімі жоқ, уәкілетті ұйыммен бекітілген оқу бағдарламасы бойынша тиісті даярлықтан өткен

адамдар, сондай-ақ зардап шегушілердің өмірін құтқару мақсатында өзге де адамдар көрсетуі мүмкін;" .

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2019 жылғы 1 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі

Р. Скляр

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

2019 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2019 жылғы 23 шілдедегі
№ 538 бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасының
азаматтық авиациясындағы
медициналық куәландыру және
қарап-тексеру қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Медициналық сертификат алуға/ұзартуға өтініш

Бұл бетті толық және баспалық әріптермен толтырыңыз –	
Толтыру бойынша нұсқаулыққа назар аударыңыз	Қатаң құпия (медициналық қолдану үшін)

(1) Сертификат берген ел:	(2) Медициналық сертификат классы <input type="checkbox"/> 1 <input type="checkbox"/> 2 <input type="checkbox"/> 3	
(3) Тері:	(4) Бұрынғы тегі:	(12) Өтініш Алғашқы <input type="checkbox"/> Жарамдылықты қалпына келтіру <input type="checkbox"/> жарамдылықты создыру <input type="checkbox"/>
(5) Аты, әкесінің аты:	(6) Туылған күні:	(7) Жынысы Е <input type="checkbox"/> Ә <input type="checkbox"/> (13) Нөмірі:
(8) Туылған жері, елі:	(9) Азаматтығы:	(14) Куәлік типі:
(10) Тұрақты мекенжайы:	(11) Пошта мекенжайы: (егер айырмашылығы болса)	(15) Мамандығы (негізгі):
Е л і : Т е л е ф о н ы : Ұ я л ы : e-mail:	Е л і : Телефоны:	(16) Жұмыс беруші: (17) Алдыңғы медициналық қорытындыға келу: У а қ ы т ы : Орны:
(18) Қолда бар куәлігі (типі): Куәлік нөмірі: Куәлік берген ел:	(19) Авиациялық қызметкер куәлігінде, медициналық сертификатта қандай да бір шектеулер Жок <input type="checkbox"/> ия <input type="checkbox"/>	
(20) Қашан да болса, Сізде авиациялық куәліктер беретін қандай да бір мемлекеттің медициналық қорытындыны беруде күмәні, беруден бас тартулары болды ма? Жоқ <input type="checkbox"/>		Толығырақ:

Ия <input type="checkbox"/>	(21) Жалпы ұшулар саны: (22) Алдыңғы медициналық куәландырудан соң ұшулар саны:
У а қ ы т ы : Толығырақ:	Е л і : (23) Қазіргі уақытта қандай типте ұшасыз (ұшу экипажы үшін):
(24) Соңғы медициналық куәландырудан соң, қандай да бір авиациялық оқиға болды ма? Жоқ	(25) Ұшулардың болжалды түрі:
<input type="checkbox"/>	(26) Қазіргі уақыттағы ұшу қызметі Бір құрамды экипаж <input type="checkbox"/>
Ия <input type="checkbox"/>	көп құрамды экипаж <input type="checkbox"/>
М е р з і м і : Толығырақ:	У а қ ы т ы : <input type="checkbox"/>
(27) Сіз алкоголь қолданасыз ба? Жоқ	(28) Сіз тұрақты медициналық препарат қолданасыз ба? Жоқ
<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Ия <input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Мөлшері	<input type="checkbox"/>
(29) Темекі тартасыз ба? Жоқ, ешқашан	Ия <input type="checkbox"/> Дәрінің атын, мөлшерін, оны қолдана бастау уақытын көрсетіңіз
<input type="checkbox"/>	
Жоқ, қашан қойдыңыз?: <input type="checkbox"/>	
Ия, оның түрі мен мөлшерін көрсетіңіз:	

Жалпы және медициналық анамнез:

Мыналардың ішінде бірнәрсе Сізде бұрын болған ба? (Өтінеміз, белгілеңіз). Оң жауап болған жағдайда, 30 бөлімде толық дерек келтіріңіз Ескерту

Жанұялық анамнез Ия Жоқ Ия Жоқ Ия Жоқ Ия Жоқ

101 Көзге ота жасалу/ аурулары	112 Мұрын, тамақ аурулары, тілдесу бұзылыстары	123 Малерия немесе басқа да тропиктік аурулар	170 Жүрек аурулары
102 Сіз көзілдірік немесе линза киесіз бе?	113 Бас зақымдануы және естен тану	124 ЖИТС реакциясына оң нәтиже	171 Жоғары қан қысымы

114 Жиі немесе қатты бас аурулары	125 Жыныс жолдары арқылы берілетін инфекциялар	172 Холестериннің жоғары деңгейі
-----------------------------------	--	----------------------------------

103 Алдыңғы медициналық											126 Ұйқы синдромы/
-------------------------	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--------------------

куәландырудан соң, көзілдірік немесе линзада өзгерістер		115 Естен тану, бас айналулар		ұйқы анноэ синдромы		173 Эпилепсия
	116 Кез-келген себеп бойынша естен тану		127 Сүйек-бұлшықет жүйесі аурулары		174 Психикалық бұзылыстар	

104 Сендік қызба, басқа да аллергиялар	117 Жүйке жүйесі аурулары, инсульт, эпилепсия, дірілдеу, сал	128 Қандай да басқа аурулар мен жарақаттар	175 Қант диабеті
105 Демікпе немесе өкпе аурулары		129 ауруханаға жатқызулар	176 Туберкулез

106 Қантамырлар мен жүрек аурулары	118 Қандай да психологиялық /психикалық бұзылыстар	130 Алдыңғы медициналық куәландырудан соң дәрігерге бару	177 Аллергия/ астма/экзема
------------------------------------	--	--	----------------------------

107 Жоғарғы немесе төмен қан қысымы			178 Тұқымқуалау аурулары
108 Бүйректегі тастар немесе несептегі қан	119 Алкогольді/ есірткіні көп пайдалану	131 Өмірді сақтандырудан бас тарту	179 Глаукома
109 Қант диабеті, гармондық бұзылыстар	120 Өз өзіне қол қол салу	132 Авиациялық персонал куәлігін беруден бас тарту	Тек әйелдер үшін:

110 Асқазан, бауыр немесе шек аурулары	121 Медициналық емдеуді қажет ететін биіктік ауруы	133 Әскери қызметтен медициналық көрсетілімдер бойынша бас тарту
--	--	--

150 Гинекологиялық аурулар, етеккір бұзылулары
--

111 Саңыраулық, құлақ аурулары	122 Анемия, өзге де қан аурулары	134 Жарақаттар немесе аурулар бойынша зейнетақы немесе өтемақылар	151 Сіз жүктісіз бе?
--------------------------------	----------------------------------	---	----------------------

(30) Ескертпе: Егер, бұрын айтылса және өзгерістер болмаса, онда белгілеңіз

(31) Өтініш: Осы арқылы мен жоғарыда толтырған өзіме белгілі барлық деректерді толық әрі дұрыс толтырдым, медициналық және ешқандай жалған ақпарат жасалынбады. Мен, осы арызда ұшуларды орындауға қауіп төндіретін мендегі бар аурулардың бар екендігін және маған белгілі болған, теріс қорытындыға әкеліп соқтыру немесе денсаулық жағдайыма қатысты ақпаратты бермеу немесе жалған ақпарат беру немесе өзіме белгілі болған қосымша ақпаратты бермеу, маған Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай таралатын шаралармен және өзіме тиесілі бұрын берілген медициналық сертификаттың қайтарып алынатындығы мен таныс екендігімді мойындаймын. Сонымен қатар, осы өтінішті ұсынбаған немесе қол қоймаған жағдайда маған медициналық қорытындыны беруден бас тартуға әкеп соғатынын түсінемін. Медициналық ақпаратқа қолжетімділікке қатысты осы өтініш арқылы мен осы есептегі ақпаратты,

сондай-ақ қосымша беріліп отырған барлық ақпараттың, электрондық-сақталған деректердің медициналық куәландыруға қолданылатынын және сарапшы, уәкілетті ұйымның авиациялық медицина бойынша авиациялық инспекторына кол жетімді екенін және олардың сарапшы, уәкілетті ұйымның авиациялық медицина бойынша авиациялық инспекторының меншігі болып қалатындығына және денсаулық жағдайым бойынша, оның ішінде дәрігерлік құпияны құрайтын персоналдық деректерді өңдеу мен жинақтауға келісім беремін.

Медициналық ақпараттың құпиялылығы барлық уақытта сақталынады.

Уақыты Өтініш иесінің қолы Сарапшы қолы

Алдыңғы беті

Медициналық қорытындыны алуға өтінішті толтыру бойынша нұсқаулық осы өтініш нысаны, оған қоса берілетін есептер, құжаттар АМС, Авиамедициналық басқармада сақталынады.

Медициналық ақпараттың құпиялылығы барлық уақытта сақталынады.

Өтінішберуші өтініштің барлық бөлімдері мен тармақтарын өз қолымен толтырады. Оны толтырғанда анық, баспа әріптермен, шарикті қаламмен толтыру қажет.

Аталған нысанды электронды енгізу/басып шығаруға болады. Егер деректерді толтыруға қосымша жер қажет болса, деректер жай қағазға жазылып, тегі, аты, қолы мен уақыты көрсетіледі, сондай-ақ өтініштегі тиесілі тармақтың нөмірі көрсетіледі.

Өтінішті толық емес немесе анық емес толтыру оны қабылдаудан бастартуға әкеп соғады.

Теріс қорытындыға әкеліп соқтыратын жалған ақпарат беруне месеосы өтінішке қатысы бар ақпаратты жасыру, менен өтінішті қабылдаудан бас тартуға немесе бұрын берілген медициналық қорытынды қайтарып алынады.

<p>1. АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯ САЛАСЫНДАҒЫ УӘКІЛЕТТІ ҰЙЫМ КӨРСЕТІҢІЗ: Өтініштің қай мемлекетте берілгенін көрсетіңіз</p>	<p>17. АЛДЫҢҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫНЫ АЛУҒА ЖҮГІНУ: Уақыт (күні, айы, жылы) мен орнын (қала, ел) көрсетіңіз. Алғаш рет медициналық қорытынды алушылар тек сызық қояды..</p>
<p>2. МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫНЫҢ КЛАСЫ: Тиісті шаршыда сәйкестік белгісін қойыңыз:</p> <p>1 . К л а с с</p> <p>2 . К л а с с</p> <p>3. Класс</p>	<p>18. АВИАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕР К У Ә Л І Г І :</p> <p>Өзіңізде бар куәлік типін көрсетіңіз. Оның нөмірі мен оны берген елді көрсетіңіз. Егер куәлігіңіз болмаса, жоқ деп көрсетіңіз</p>
<p>3 . Т Е Г І :</p> <p>Тегіңізді көрсетіңіз</p>	<p>19. МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫДА ҚОЙЫЛҒАН ШЕКТЕУЛЕР:</p> <p>Тиісті шаршыда сәйкестік белгісін қойыңыз және сіздің куәлікте/медициналық сертификатта, мысалы көру бойынша, түстерді көру бойынша және т.б. қойылған шектеуді егжей-тегжейлі түсіндіріңіз.</p>
	<p>20. МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫНЫ БЕРУДЕ ҚАНДАЙ ДА БАС ТARTУ НЕМЕСЕ КҮДІКТЕНУЛЕР БОЛДЫ МА:</p> <p>Тиісті шаршыда сәйкестік белгісін</p>

<p>4. АЛДЫҢҒЫ ТЕГІҢІЗ : Егер қандай да бір себептермен оны өзгертсеңіз, алдыңғысын көрсетіңіз</p>	<p>қойыңыз, егер қашан болса да, сіздің медициналық сертификатыңызды тоқтатса немесе қайтарып алса, тіпті уақытша болса да, оның уақытын (кк//аа//жжжж), елді және қай жерде болғанын көрсетіңіз.</p>
<p>5. АТЫ, ӘКЕСІНІҢ АТЫ (бар болғанда): Атыңыз бен әкеңіздің атын көрсетіңіз</p>	<p>21. ЖАЛПЫ ҰШУЛАР САҒАТЫ: Жалпы ұшу сағаттарының санын көрсетіңіз.</p>
<p>6. ТУЫЛҒАН ЖЫЛЫ : Келесі тәртіпте туылған уақытыңызды көрсетіңіз кк//аа//жжжж.</p>	<p>22. АЛДЫҢҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КУӘЛАНДЫРУДАН СОҢ ҰШУ САҒАТЫН КӨРСЕТІҢІЗ. Алдыңғы медициналық куәландырудан соң ұшу сағатын көрсетіңіз.</p>
<p>7. ЖЫНЫСЫ Тиісті шаршыда сәйкестік белгісін қойыңыз</p>	<p>23. ҚАНДАЙ ӘУЕ КЕМЕСІ ТИПІНДЕ ҰШАСЫЗ (если вы член летного экипажа): Қандай әуе кемесінде ұшасыз, мысалы, Boeing 737, Ceassna 150, және т.б. көрсетіңіз.</p>
<p>8. ТУЫЛҒАН ДЕРІ МЕН ЕЛІ : Сіз туылған қала мен елді көрсетіңіз</p>	<p>24. АЛДЫҢҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КУӘЛАНДЫРУДАН СОҢ ҚАНДАЙ ДА БІР ОҚИҒА БОЛДЫ МА? Егер рас болса, онда оның уақытын (кк//аа//жжжж), елді және қай жерде болғанын көрсетіңіз.</p>
<p>9. АЗМАТТЫҒЫ : Қай елдің азаматы екендігіңізді көрсетіңіз.</p>	<p>25. БОЛЖАЛДЫҚ ҰШУ ТҮРЛЕРІ Ұшулардың тасымалдау, чартерлік, пилоттық, әуесқой, ауылшаруашылық, жолаушылар тасымалы екенін көрсетіңіз.</p>
<p>10. ТҰРАҚТЫ ТҰРАТЫН МЕКЕН-ЖАЙЫ: Тұрақты мекенжаймен пошталық мекенжайды көрсетіңіз. Елдің коды мен телефоныңызды көрсетіңіз.</p>	<p>26. ЭКИПАЖ ҚҰРАМЫ (факті бойынша ұшу қызметі) Тиісті шаршыда сәйкестік белгісін қойыңыз, сіз бірқұрамдық немесе көпқұрамдық экипаж мүшесісіз бе</p>
<p>11. УАҚЫТША ТҰРАТЫН ЖЕРІНІҢ ПОШТАЛЫҚ МЕКЕНЖАЙЫ (егер уақытша мекенжайдан өзге болса): Егер уақытша мекенжайдан өзге болса, мекенжай, пошта, елдің кодымен телефон нөмірін көрсетіңіз. Егер айырмашылығы болмаса, жоғарыдағыны көрсетіңіз</p>	<p>27. АЛКОГОЛЬ ҚОЛДАНАСЫЗ БА? Тиісті шаршыда сәйкестік белгісін қойыңыз. Егер "ия" болса, оның бір аптадағы мөлшерін, мысалы 2 литр сыра, көрсетіңіз.</p>
<p>12. ӨТІНІШ : Тиісті шаршыда сәйкестік белгісін қойыңыз Тиісті шаршыда сәйкестік белгісін қойыңыз</p>	<p>28. ТҰРАҚТЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ПРЕПАРАТТАРДЫ ҚОЛДАНАСЫЗ БА? Егер "ия" болса, онда оның атын, мөлшерін және қайда, кіммен тағайындалғанын көрсетіңіз.</p>
<p>13. НӨМІРІ : Жеке басы куәлік нөмірін көрсетіңіз</p>	<p>29. ТЕМЕКІ ТАРТАСЫЗ БА? Тиісті шаршыда сәйкестік белгісін қойыңыз. Тұрақты темекі тартатындар қандай түрі (сигареттер, сигара, трубка) және мөлшерін (мысалы, күніне 2 сигарет, трубка - 1, аптасына унция/28.35 грамм)</p>


14.	КУӘЛІК	ТИПІ:	ЖАЛПЫ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ АНАМНЕЗ
Келесі тізім ішінде қандай авиациялық қызметкер куәлігіне өтініш білдіргеніңізді көрсетіңіз:			101 және 179 тармақтардағы сұрақтарға "ия" немесе "жоқ" деп жауап беру қажет. Егер "ия" болса, аталған жағдайдың сіздің өміріңізде қай кезде болғанын және оны толығымен сипаттаңыз және 30-тармақта көрсетіңіз.
Желілік	пилот	куәлігі;	Ескертпе. Барлық сұрақтар медициналық тұрғыдан маңызды болып саналады. 170-179 сұрақтар тікелей жанұялық анамнезге, 150-159 сұрақтар тікелей әйелдерге қатысты. Егер бұрынға өтініште қандай да бір патологияны хабарлап, одан бері еш нәрсе өзгермесе, онда "Бұрын хабарланған. Өзгеріссіз, еш нәрсе болған жоқ" деп көрсетесіз де, бұл сұраққа "ия" деп жауап бересіз.
Желілік	пилот	уәлігі/InstrumentRating;	
Коммерциялық	пилот	куәлігі/InstruinentRating;	Жай ғана суық тию сияқты ауруларды көрсетпеуге болады.
Коммерциялық	пилот	куәлігі;	
Әуесқой	пилот	куәлігі;	31. АҚПАРТТЫ АЛУ МЕН БЕРУ БОЙЫНША ӨТІНІШ ПЕН КЕЛІСІМ: Өтінішті АМС куәландырып, оны қол қойғанға дейін оған қолтаңба мен уақытын қоймаңыз.
Әуесқой	пилот	куәлігі/InstrumentRating;	
Планер	пилотының	куәлігі;	
Бос	аэростат	пилотының	
Жеңіл және аса жеңіл авиация	пилоты	куәлігі;	
Бортинженер		куәлігі;	
Бортмеханик		куәлігі;	
Штурман		куәлігі;	
Бортсерік		куәлігі;	
Бортоператор		куәлігі;	
Бортрадист	іс	куәлігі;	
ӘҚБ	диспетчерінің	куәлігі.	
Өзге	де	куәліктен:	
Инженер		куәлігі;	
Техник		куәлігі;	
Ұшуды қамтамасыз ету бойынша қызметкер		куәлігі;	
Қанаты қатырылған/айналатын/екі типті қоса алғандағы әуе кемесі	пилотының	куәлігі;	
Пилотсыз басқарылатын құрылғыны басқару		куәлігі (ARPL)	
15.	МАМАНДЫҒЫ:		
Өзіңіздің негізгі мамандығыңызды көрсетіңіз			
16.	ЖҰМЫС	БЕРУШІ:	
Егер негізгі жұмысыңыз пилот болса, кәсіпорын мен жұмыс берушінің атауын көрсетіңіз, егер өзіңіз жеке жұмыс беруші болсаңыз, өзіңізді көрсетіңіз			

Артқы беті

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2019 жылғы 23 шілдедегі
№ 538 бұйрығына
2-қосымша
Қазақстан Республикасының
азаматтық авиациясындағы
медициналық куәландыру және
қарап-тексеру қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Медициналық сертификат

--	--	--	--

<p>Қазақстан Республикасы Республика Казахстан Republic of Kazakhstan Медициналық сертификат класс Медицинский сертификат класса Medical certificate class ХААҰ конвенцияға 1-қосымшаға сәйкес берілген Выдано в соответствии с Приложением 1 к Конвенции ИКАО Issued in accordance with Annex I Convention of ICAO</p>  <p>Осы сертификат авиациялық персонал куәлігінің ажырамас бөлігі болып табылады/Настоящий сертификат является неотъемлемой частью свидетельства авиационного персонала/This certificate is an integral part of the license</p>	<p>Уәкілетті ұйым/ Уполномоченная организация/ Authorized organization that issued or is to issue the aviation personnel licence:</p> <p>_____</p> <p>Сертификат нөмірі: Номер сертификата: Certificate number : Сертификаттың иесінің аты жөні/ Фамилия, имя, отчество владельца сертификата/Last and first name of holder :</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>Туған жылы, айы, күні/Год, месяц, день рождения/ Date of birth: _____</p> <p>Ұлты / Национальность/ Nationality: _____</p> <p>Сертификат иесінің қолтаңбасы/ Подпись держателя сертификата/ Signature of holder :</p> <p>_____</p>	<p>Шектеулер/ Ограничения/ Limitations: _____</p> <p>Код/ Code Берілген күні/Дата выдачи/Date of issue: _____</p> <p>_____ (кк.аа.жж/дд.мм.гг. /dd. mm. yy) Вводится в действие/Valid from: _____</p> <p>_____ бастап жарамды (кк.аа.жж/дд.мм.гг./dd. mm. yy) Сертификат беруші сарапшының қолы/ Подпись выдавшего сертификат эксперта /Signature of issuing, А М Е : _____</p> <p>_____ Мөр/печать/Stamp:"; _____</p>	<p>Сертификаттың аяқталу мерзімі</p> <p>1 (кк.аа.жж/ дд.мм.гг. /dd. mm. _____</p> <p>2 (кк.аа.жж/ дд.мм.гг. /dd. mm. _____</p> <p>3 (кк.аа.жж/ дд.мм.гг. /dd. mm. _____</p> <p>Соңғы қаралу мерзімі/дата по</p> <p>Соңғы медициналық қаралу (кк.аа.жж/ дд.мм.гг. /dd. mm. _____</p> <p>Электрoкардиограммa / A u c E l e c t r o c a r d i o g (кк.аа.жж/ дд.мм.гг. /dd. mm. _____</p> <p>Аудиограмма / A u c (кк.аа.жж/ дд.мм.гг. /dd. mm. _____</p> <p>Көзді тек (кк.аа.жж /дд.мм.гг. /dd. mm. _____</p>
		<p>Коды/Cods МСШ/ОМС/TML – медициналық сертификаттың қолданылу мерзімінің шектелуі/ограничение срока</p>	

Медициналық жарамдылықты төмендетуші жағдайлар /факторы снижающие медицинскую годность/ Decrease in medical fitness:

Мынадай денсаулық жарамдылығын төмендетуші факторлар болған кезде:

- 1) оған хирургиялық ота немесе инвазивтік процедура өткізілсе;
- 2) қандай-да бір дәрілік препаратты тұрақты қабылдау тағайындалса;
- 3) авиациялық персонал куәлігіне (бұдан әрі – куәлік) сәйкес кәсіби міндеттерін атқаруға қабілетсіздікті туғызатын айтарлықтай жарақат таралса;
- 4) тиісті куәлігіне сәйкес кәсіби міндеттерін атқаруға қабілетсіздікті туғызатын ауруға шалдықса;

- 5) жүктілік және босану жағдайында;
- 6) ауруханаға жатқызылса;
- 7) алғаш рет түзетуші линза тағайындалса, куәлік иелері сарапшыға кідіріссіз ішінде хабарлайды./

Владельцы медицинских сертификатов незамедлительно уведомляют эксперта с момента возникновения факторов, снижающих годность их здоровья, таких как:

- 1) проведение хирургической операции или инвазивной процедуры;
- 2) назначение регулярного приема какого-либо лекарственного препарата;
- 3) получение значительного повреждения, которое влечет за собой неспособность выполнять профессиональные обязанности соответствующего свидетельства авиационного персонала (далее - свидетельство);
- 4) заболевание, которое влечет за собой неспособность выполнять профессиональные обязанности соответствующего свидетельства;
- 5) беременность и роды;
- 6) госпитализация;

Медициналық сертификат иелері авиация персоналының міндеттерін қауіпсіз орындау қабілетіне әсер етуі мүмкін қандай да бір ауру және/немесе шаршау, денсаулық жағдайы бойынша кез келген күмән, көңіл күйіне және/немесе денсаулығына байланысты кез келген жағдайларда сарапшыға жүгінеді.

Бұл ретте медициналық сертификаттың иесі және жұмыс беруші осы Қағидалардың 27 және осы тармақтарындағы талаптардың орындалуына жауап береді/ Обладатели медицинского сертификата обращаются к эксперту при возникновении какого-либо заболевания и/или утомления, при любых сомнениях по поводу состояния здоровья, при любых случаях, связанных с самочувствием и/

действия медицинского сертификата/ restriction of the period of validity of the medical certificate ;
КҚТ/КДР/VDL - алыстан көргіштік пен аралық және жақыннан көргіштік секілді көру қабілеті мәселелеріндегі түзету/коррекция нарушения зрения для дальнего расстояния / Correction for defective distant; АОЖКТ/КБСДР/ VML – алыс, орта және жақын қашықтықтағы көру қабілетінің мәселелерін түзету/ коррекция нарушения зрения для дальнего, среднего и близкого расстояния/ correction for defective distant, intermediate and near vision ЖҚТ/КБР/VNL- жақыннан көргіштіктегі түзету/ коррекция нарушения зрения для близкого расстояния / Correction for defective near vision; ӨАКТ/КДП/VXL – өндіріс жағдайына сай алыстан көргіштік мәселелерін түзету/ коррекция нарушения зрения для дали, в зависимости от производственных условий (только для


